

Қ. Қонарбаев, 3-курс

Ғылыми жетекші — А. Ж. Жунусова, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІНЕН ҚАЙТА ҚАЗЫП АЛУДЫҢ (ЭКСУМАЦИЯ) ЖАЛПЫ ҰҒЫМЫ

Криминалистикалық тактиканың негізгі мақсаттарының бірі болып қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруге бағытталған, алдын ала тергеуде жүргізілетін тергеу әрекеттерінің қылмыстық іске қатысты тиімділігін арттыруға қажетті ұсынымдарды өңдеу болып табылады. Ал тергеу әрекеттерінің тактикасын талдау белгілі құқықтық шарттардың шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс. Жалпы алдын ала тергеуде орындалатын тергеу әрекеттері жүйесіндегі жекелеген түрлері өзіндік қасиеттік белгілерімен, қылмыстарды ашу мен тергеп-тексерудегі мақсаттарымен, дәлелдемелерді жинаудағы тәсілдерімен бір топтық үйлесімге жатады.

Алайда кейбір тергеу әрекеттерінің тәсілдік қасиеттері басқа тергеу амалдарына қатынастығы айқын бола тұра, олардың мақсаттық бағыты мен орындалу процесінің өзгешелігі ерекше көзге түседі. Мұндай тергеу әрекеттерінің қатарына эксгумацияны жатқызуға болады. Негізінен эксгумация ұғымы латын тілінен аударғанда «ex» — астынан (ішінен) + «humos» — жер деген мағынаны, яғни мәйітті жер астынан қазып алуды білдіреді¹.

Жергілікті аумақтың әкімшілігінің ресми рұқсаты немесе шешімі негізінде моланы бір жерден екінші жерге көшіру мақсатында өткізілетін эксгумация. Бір молада жерленген адамдардың мәйіттерін қазып алып екінші бір молаға жерлеу де кездесіп тұрады. Мұндай құбылыс өмірде өте сирек кездесетін жағдаяттардың бірі екенін айта кеткен жөн. Алайда, бұл да есепке алынып, ресми эксгумация ұғымының қатарына жатқызылады. Эксгумацияның осындай түрі белгілі бір эпидемиялық аурудың алдын алу мақсатында жүргізіледі. Мәйіттердің шіруінен пайда болған зиянды нәрселердің, улы заттардың жер асты суларына жұғып, жайылуын болдырмау үшін үкімет, облыс, аудан, қала әкімшілігі моланы басқа (елді мекеннің сыртына) жерге көшіру туралы шешім қабылдап, жаппай эксгумация өткізуге рұқсат береді.

Жерленген мәйітті тану үшін көрсету мақсатында (қылмыстық іс жүргізуге қатысы жоқ жағдайларда) жүргізілетін эксгумация — өзіне тән ерекшеліктері бар, қажеттіліктен амалсыз жүргізілетін эксгумация қатарына жатады. Әдетте, жеке басы танылмаған, табиғи өліммен (кәрілік, ауру, т. б.) қайтыс болған адамдардың жерленіп болғаннан кейін, олардың туған-туысқандары анықталуы мүмкін. Бұл орайда жерленген мәйітті туған-туысқандарына тану үшін көрсету мақсатында эксгумация жүргізіледі. Бірақ калыптасқан дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес, жеке басы анықталмаған мәйіт танылғаннан кейін жеке басын анықтауға бағытталған қажетті тексеру іс-шаралары жүргізіледі. Нәтижесінде мәйіттің жеке басын анықтау мүмкін болмаса, идентификация жүргізу мақсатында оның бас сүйегі мен қол білегі кесіп алынып, мәйіттің денесі танылмаған мәйіт ретінде мола ішінен арнайы бөлінген аумағына жерленуге жатады. Осыған байланысты танылмаған әрбір мәйітке тіркеу нөмірі беріліп, ол қабірге жазылып көрсетіледі және оның көшірмесі

тиісті мәйітхананың арнайы журналының тізіміне тіркеліп енгізіледі. Мәйіттің туған-туысқандары пайда болған жағдайда, мәйіт денесінің бүтіндігін қамтамасыз ету үшін бұрыннан алынған мәйіттің қол білегін және (немесе) бас сүйегінің препараттарын мәйіт сүйегімен бірге қосып көму мақсатында эксгумация өткізіледі, егер туған-туысқандары ресми түрде мәйітті басқа жерге жерлеу үшін оны өздеріне беруді талап етсе, онда олардың талаптары орындалады. Ал ондай талап болмаған жағдайда, мәйіттің туған-туысқандарының көмегімен жерленген жерде ескерткіш орнатылып, мәйіттің аты-жөні мен туылған және қайтыс болған жылдары белгіленуі тиіс.

Азаматтық істер бойынша, белгілі бір тұлғаның азаматтық талабына сәйкес, ақиқатты анықтау үшін жерленген мәйіттің жеке басын тану және анықтау мақсатында жүргізілетін эксгумация, әдетте тек сот органдарының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Мұндай эксгумацияны өткізуге қайтыс болған адамнан қалған мұраны бөлуге қатысты белгілі бір азаматтың азаматтық талабы түрткі болуы мүмкін. Мысалы, қайтыс болған адамның азаматтық талап берген туысқандары жерлеу кезінде катыса алмай, сол қайтыс болған адамның өзінің туысқаны екендігіне қатысты күдікті мән-жайларды жою үшін эксгумация өткізілуі мүмкінⁱⁱ.

«Кездейсоқтық» эксгумация — мәйітті жерленген орнынан қайта қазып алу мақсатын көздемейтін және мәйіттің күтпеген жерден жерді қазу барысында кездейсоқ табылған мәйіттер туралы айтылады. Мұндай оқиғаларға, көп жағдайда техника және қол күшімен жер қазу, құрылыс және тағы басқа жұмыстарын атқару барысында табылған мәйіттерді жатқызамыз.

Кездейсоқтық эксгумацияның маңызды мәні оның құқықтық салдарымен айқындалады. Мұндай мәйіттердің табылуы құқық қорғау органдарының белсенді қызметі басталуына негіз беріп, тексеру амалдарын жүргізуіне басты себеп болады. Алайда, нақ осы жағдай тұсында тергеулік эксгумацияны тілге тиек етуге болмайды, себебі адам денесі тиісті емес субъект тарапынан құпиялы (жасырын) жерленген жерінен қазып алынған және оның қазылып алынуы тиісті заң нормаларынан тыс іске асырылған, яғни мәйіт бұған дейін де табылған (мысалы, жер қазу жұмыстарын атқару кезінде табылған мәйіт). Тәжірибеде осы тәріздес оқиғаларды «белгісіз адам мәйітінің табылуы» деп атайды. Сондықтан құқық қорғау органдарының қызметкерлері оқиға болған жерде тыңғылықты тексеру өткізіп, мәйітті тапқан адамдардан мәйіттің қалай жатқанын, онын қалай табылғанын, қандай техникалық құралдарды қолданғанын және тағы басқа мән-жайлар туралы түсініктемелер алуы тиіс.

ⁱ Луников В. Д. Об эксгумации при расследовании преступлений // Вопросы совершенствования методики расследования преступлений: Сб. науч. тр. — Ташкент, 1984.

ⁱⁱ Шиканов В. И. Эксгумация трупа в системе следственных действий. — Иркутск, 1980.